

2011 жылғы 23 желтоқсандағы "Халықтың нысаналы топтарының тізбесін бекіту туралы" әкімдіктің № 227 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 25 қазандағы N 510 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылдың 21 қарашасында N 2728 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы N 75 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 27.03.2014 N 75 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағы, 7-бабы 2) тармақшасы негізінде, Бородулиха ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2011 жылғы 23 желтоқсандағы «Халықтың нысаналы топтарының тізбесін бекіту туралы» әкімдіктің № 227 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 5-8-142 санымен тіркелген, аудандық газеттерде «Аудан тынысы» 2012 жылғы 20 қаңтардағы № 7, «Пульс района» 2012 жылғы 20 қаңтардағы № 7 санында жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

қосымшаның 11) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«11. техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;»;

қосымшаның 14) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«14. қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;» .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.А. Атаеваға жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен сон қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Г. Акулов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК